

## Қарабас ауылдық округінің Өндіріс ауылының шекарасын (шегін) белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 12/5-V шешімі және Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 27 наурыздағы № 136 бірлескен қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 8 мамырда № 2946 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 5, 12 баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Бесқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес алаңдарда Қарабас ауылдық округінің Өндіріс ауылының шекарасы (шегі) өзгертілсін және Қарабас ауылдық округінің Өндіріс ауылының елді мекенінің шекарасын (шегін) белгілеудің жерге орналастыру жобасына сәйкес **б е л г і л е н с і н .**

2. «Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Калиновский В. Я.) жер-есебі құжаттарына қажетті өзгерістерді **е н г і з с і н .**

3. Осы шешім және қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн **ө т к е н с о ң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .**

*Сессия төрағасы*

**Қ. ҚАИРХАНОВ**

*Аудан әкімі*

**Қ. БАЙҒОНУСОВ**

*Аудандық мәслихат хатшысы*

**Қ. САДЫҚОВ**

Бірлескен  
әкімдігінің

2013

Бесқарағай  
жылғы

27

аудандық  
наурыздағы

**Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Қарабас ауылдық округінің Өндіріс ауылының елді мекендерінің Экспликациясы**

Жер пайдаланушылардың атауы	Жоспардағы барлық жерлер, га	Бөгденің пайдалануындағы жерлер, га	Елді мекендерге бекітілді, га	Барлық а/ш алқаптары, га	олардан:				өзге де жерлер
					егістік,	тыңайма	шабындық	жайылым	
Ауыл шаруашылығы маңызындағы жерлер	2045,9		2045,9	2045,9				2045,9	
Өндіріс ауылының жерлері	12415,1	914,0	11501,1	10733,3	4,0	32,8		10696,5	767,8
<b>Жоба бойынша елді мекеннің аумағы</b>	<b>14461,0</b>	<b>914,0</b>	<b>13547,0</b>	<b>12779,2</b>	<b>4,0</b>	<b>32,8</b>		<b>12742,4</b>	<b>767,8</b>